

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ОЛИМПИАДАНЫҢ ҮШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ) КЕЗЕҢІ
(2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

11 сынып, 2 тур

Жұмыс уақыты: 60 минут.

Тест тапсырмалары екі блоктан тұрады.

Бірінші блокта төрт нұсқасы берілген бір жауапты, жабық тест тапсырмалары берілген.

Екінші блокта олимпиада қатысушылары өздері жауаптарын толықтыруға тиіс ашық тест тапсырмалары берілген.

Әр сұрақтың дұрыс жауабы 1 ұпаймен бағаланады.

1 блок

1. 1927 жылы БК(б)П XV съезінде қабылданған шешім:

A) ірі бай шаруашылығын тәркілеу.

B) елде индустрияландыруды бастау.

C) ауылшаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алуды жариялады.

D) Әскери коммунизм саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу бағдарламасы қабылданды.

2. 1997 жылы болған оқиға:

A) үшінші қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов ғарышқа ұшты.

B) Ел астанасын Алматы қаласынан Ақмола (Астана) қаласына көшіру.

C) Қазақстан Республикасының ИЫҰ-ға төрағалық етті.

D) Қазақстан Республикасы Әнұранының жаңа мәтіні бекітілді.

3. Қазақстанда химия өнеркәсібінің алғашқы дермене (сантонин) зауыты орналасты:

A) Верныйда.

B) Орынборда.

C) Шымкентте.

D) Семейде.

4. «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты:

A) бала туу деңгейі төмен және жұмыс күшінің тапшылығы бар өңірлердегі кадр мәселесін шешу.

B) шетелдегі қандастарымызды және еліміздің оңтүстік өңірінен солтүстік өңіріне қазақтарды ұтымды қоныстандыру.

- C) еңбек мигранттарын елімізде ұтымды қоныстандыру.
- D) Ирреденттерге жағдай жасау.

5. «Шоқан Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды», - деген шығыстанушы ғалым:

- A) В.В. Веляминов-Зернов
- B) Н.И. Веселовский
- C) П.П. Семенов-Тянь-Шанский
- D) Г.Н. Потанин

6. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің қаулысымен «сенімсіз халықтар» деген желеумен 1944 ж. Қазақстанға күштеп қоныстандырылды:

- A) Немістер мен корейлер.
- B) Күрдтер мен корейлер.
- C) Еділ қалмақтары мен қарашайлар.
- D) Балқарлар мен месхетиялық түріктер.

7. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысып, ұстазы Қамар хазіреттің көмегімен «Ер Олжабай батыр» эпосын жазып алған:

- A) Абай Құнанбайұлы
- B) Шоқан Уәлиханов
- C) Шәкәрім Құдайбердіұлы
- D) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

8. 2010 жылы болған оқиға:

- A) Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I съезі өтті.
- B) Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.
- C) Қазақстан Республикасы Өнұранының жаңа мәтіні бекітілді.
- D) Қазақстан Республикасы ДСҰ-на мүшелікке қабылданды.

9. 1992 жылы болмаған оқиға:

- A) Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға толыққанды мүше болып қабылдануы.
- B) Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылуы.
- C) Алматыда Президент инаугурациясы өтті.
- D) Қазақтардың дүниежүзілік алғашқы құрылтайы өтті.

10. 1926 жылы болған оқиға:

- A) Бүкілодақтық халық санағы өткізілді.
- B) Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу басталды.
- C) Түркістан АКСР-інің құрамындағы қазақтар мекендеген жерлер Қазақ АКСР-іне қосылды.
- D) Республика астанасы Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшірілді.

2 блок

1. _____ (Миграция) - адамдардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы.
2. _____ (Жұт) - қыс қатты болған жылдары аштықтан, суықтан малдың қырылуы, мал өлімі, індет.
3. 1730 жылы көктемде Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағындағы Итішпес Алакөл деген жерде болған елеулі оқиға _____ (Аңырақай шайқасы).
4. Орыс патшасы _____ (І Петр) (1672-1725 жж.) Қазақстанды Азияға шығатын «кілт пен қақпа» деп таныды.
5. Патша үкіметі _____ (1734) жылдан бастап қазақтардың Жайық өзенінің оң жақ өңірінде көшіп-қонып жүруіне қатаң тыйым салды.
6. 1771 жылы Түркістан қаласында _____ (Абылай хан) қазақтың бүкіл үш жүзінің ханы болып жарияланды.
7. 1716 жылы көктемде И. Бухгольц отряды _____ (Омбы) бекінісінің негізін қалады.
8. 1825 жылы көтерілісті Қарқаралы округі қазақтарының басқарушы сұлтаны _____ (Саржан Қасымұлы) басқарды.
9. 1847 жылы Ресей әскерлері Сырдария өзенінің сағасын басып алып, онда Райым қамалын, ал 1848 жылы _____ (Қазалы) бекінісін салу басталды.
10. _____ (1861) жылы Ресейде шаруаларды крепостниктік, яғни басыбайлы езгіде ұстау жойылды.

**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
«ДАРЫН»**

**ТРЕТИЙ (ОБЛАСТНОЙ) ЭТАП РЕСПУБЛИКАНСКОЙ
ОЛИМПИАДЫ ПО ПРЕДМЕТУ «ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА»
(2022-2023 УЧЕБНЫЙ ГОД)**

11 класс, 2 тур

Время работы: 60 минут.

Тестовые задания состоят из двух блоков.

В первом блоке представлены закрытые тестовые задания с одним правильным ответом из четырех вариантов.

Во втором блоке представлены открытые тестовые задания, участники олимпиады должны самостоятельно вписать свои ответы.

Правильный ответ на каждый вопрос оценивается в 1 балл.

1 блок

1. Решение, принятое на съезде ВКП(б) в 1927 году:

А) «О конфискации и выселении крупнейших байских хозяйств и полуфеодалов»

В) о курсе на индустриализацию страны

С) о курсе на коллективизацию сельского хозяйства

Д) о переходе от политики «военного коммунизма» к НЭП.

2. Событие, имевшее место в 1997 году:

А) в космос полетел третий казахский космонавт Айдын Аимбетов.

В) Перенос столицы Республики Казахстан из города Алматы в город Акмола (Астана)

С) Председательство Республики Казахстан в ОИС.

Д) Утвержден новый текст Гимна Республики Казахстан.

3. Где в Казахстане располагался первый сантонинный завод химической промышленности:

А) Верный.

В) Оренбург.

С) Чимкент.

Д) Семей.

4. Основная цель государственной программы «Нұрлы көш»:

А) решение кадровых проблем в регионах с низким уровнем рождаемости и дефицитом рабочей силы.

В) рациональное расселение соотечественников-репатриантов и казахов из южного региона в северный.

С) рациональное расселение трудовых мигрантов в стране.

Д) создание условий для ирредентов.

5. «Как блестящий метеор, промелькнул над нивой востоковедения Шокан Шынгысович Уалиханов». Какому российскому ученому-востоковеду принадлежат эти слова:

А) В.В. Веляминов-Зернов

В) Н.И. Веселовский

С) П.П. Семенов-Тянь-Шанский

Д) Г.Н. Потанин

6. Постановлением Государственного комитета обороны в 1944 г. насильственно депортированы в Казахстан:

А) немцы и корейцы.

В) курды и корейцы.

С) волжские калмыки и карачаевцы.

Д) балкарцы и турки-месхетинцы.

7. Занимался сбором образцов народной устной литературы, с помощью своего учителя Камар Хазрета записал эпос «Ер Олжабай батыр»:

А) Абай Кунанбайулы

В) Шокан Валиханов

С) ШакаримКудайбердиев

Д) Машхур Жусип Копеев

8. Событие, имевшее место в 2010 году:

А) В Астане прошел I Съезд лидеров мировых и традиционных религий.

В) Казахстан председательствовал в ОБСЕ.

С) Утвержден новый текст Гимна Республики Казахстан.

Д) Республика Казахстан принята в члены ВТО.

9. Событие, которое не происходило в 1992 году:

А) принятие Республики Казахстан полноправным членом ООН.

В) Создание Вооруженных Сил Республики Казахстан в целях обеспечения государственной независимости Казахстана.

С) Инаугурация Президента в Алматы.

Д) состоялся первый Всемирный курултай казахов.

10. Событие, имевшее место в 1926 году:

А) Всесоюзная перепись населения.

В) Национально-территориальное размежевание республик Средней Азии.

С) Вхождение земель Туркестанской АССР, населенных казахам, в состав Казахской АССР.

Д) Перенос столицы Казахской АССР из Оренбурга в Ак-Мечеть.

2 блок

1. _____ (Миграция) — процесс переселения людей из одного места в другое по разным причинам.

2. _____ (Джунт) — гибель скота в годы суровых зим от голода, холода, эпидемий.

3. Важное сражение, произошедшее весной 1730 года на юго-западной стороне озера Балхаш в месте под названием Итишпес Алаколь _____ (Аныракайская битва).

4. Русский царь _____ (Петр I) (1672-1725 гг.) признававший территорию Казахстана «ключом и воротами» в Азию.

5. Царское правительство в _____ году (1734 г.) ввело строгий запрет на перекочевку казахов на правый берег реки Урал.

6. В 1771 году в городе Туркестан _____ (Абылай хан) был объявлен ханом всех трех жузов казахского народа.

7. Весной 1716 года отряд И. Бухгольца основал _____ (Омскую) крепость.

8. В 1825 году восстание возглавил _____ (Саржан Касымұлы) султан-правитель казахов Каркаралинского округа.

9. В 1847 году российские войска захватили устье реки Сырдарьи и основали укрепление Раим, а в 1848 году — форт Казалы.

10. В _____ (1861) году в России было отменено крепостное право.